

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/XXBV9378>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/VOQG5436>***Т. Е. Нургазиев**

Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0470-7962>

*e-mail: tanat.nurgaziev@mail.ru

**ӘДЕБИ КОНТЕКСТЕГІ «ҚЫЗЫЛ АЛМА» СИМВОЛЫ:
ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ БІРІГҮ
(ТҰРАН) ФЕНОМЕНІ РЕТІНДЕ**

Мақалада түркі дүниесі танымында ерекше орынға ие «Қызыл алма» символының мәні әдебиет пен мифология сабақтастығы сипатында зерделенеді. Мақалада бұл символдың Тұран идеясымен байланысы, түркі мемлекеттерінің тарихи және мәдени бірлігі талданады. «Қызыл алма» ежелгі түркі мифологиясында ортақ мақсат, билік және мәңгілік ұмтылыс символы ретінде қарастырылады, ал әдеби шығармаларда ол идеологиялық бірігудің метафорасы ретінде көрініс табады. Э. Фромм, С. Қасқабасов, З. Гёкальп сияқты ойшылдардың еңбектеріне сүйене отырып, мақала «Қызыл алманың» саяси және мәдени аспектілерін ашады, оның түркі әлеміндегі ұжымдық бірегейлікті нығайтудағы ролін көрсетеді. Сонымен қатар әдеби контексте алманың махаббат, бақыт және күш тақырыптарымен байланысы қарастырылады, бұл оның символдық әмбебаптығын айғақтайды. Зерттеу әдісі ретінде мифологиялық талдау мен әдеби интерпретация қолданылады, әдеби шығармалардан мысалдар келтіріледі. Нәтижесінде «Қызыл алма» тек әдеби бейне ғана емес, сонымен қатар түркі халықтарының бірлігі мен Тұран феноменінің рухани және саяси негізі ретінде түсіндіріледі. Мақала әдебиеттану және мәдениеттану, әдеби байланыстардың ерекшеліктерін зерделеуге, әдеби үдерістерді талдауға үлес қосып, «Қызыл алма» символының қазіргі замандағы өзектілігін айқындайды.

Кілтті сөздер: Тұран, әдебиет, қызыл алма, символ, фольклор, мифология.

Кіріспе

Қазақ әдебиеті түркі дүниесі әдебиетінің алтын қазынасы бола отырып, көркемдік тұрғыда бай әрі тарихы терең әдебиет болып табылады. Сипаты мен формасы әр алуан болып келетін әлем әдебиетіндегі ортақ желілік фабулалар әдебиеттің даму деңгейі мен интеграциялық ерекшеліктерін көрсетсе, құрылымдық формасы мен көркемдік құралдар сол әдебиеттің көркемдік деңгейі мен бай сөз мәдениетінің көрінісінен хабар береді. Сондықтан сюжет *«Шығармадан бұрын пайда болып, одан тыс өмір сүре алады»* [1, 23-б.], ал әдеби шығармада ерекше орынға ие болатын символдар, сол халықтың дүниетанымы мен әлемді қабылдау және интерпретациялау формаларынан сыр шертеді. Батыс ойшылы Э.Фромм: *«Символ тілі күнделікті өмірде сөйлейтін тілден мүлдем өзгеше. Бұл тілдің логикасында ақпараттылық, мағына және ассоциациясында маңызды орынға ие. Адамзат дамытқан жалғыз әмбебап тіл – символдар тілі және ол тарихқа қатысты барлық мәдениеттерде бірдей»* [2, 20-б.], – деген тұжырым жасайды. Э.Фроммның символдарға қатысты мәдениеттегі ұқсастық туралы ойы оның формасына ғана қатысты. Ұлт пен мәдениеттердегі символдардың формасы бірдей болуы мүмкін, алайда оның интерпретациясы әр алуан. Мысалы, Пелей мен Фетиданың үйлену тойына Эрида тарапынан сыйға тартылған гесперида алмасы (ұрыс-керіс жемісі) мен Қытай халық дәстүріндегі «тыныштық сыйлайтын жеміс» (Қытай халқы мерекелерде бір-біріне алма жемісін сыйлайды) ретінде интерпретацияланатын алма символының көрінісі әртүрлі. Немесе американдықтардың жаңадан көшіп келген көршілеріне алмадан жасалған бәлішті сыйға тартуы бейбітшілік пен ынтымақтың көрінісі болса, әлемдік діни әпсаналардағы Адам ата мен Хауа ананың рұқсат етілмеген алма жемісін жеп, жұмақтан қуылуы, бұл жеміс символының кері сипатын білдіреді. Діни түсінікке негізделген алма символы кейде өзгеріске ұшырап отырады. Мысалы, *«Ерте ортағасырлық сурет өнерінде, әрбір зат үлкен мағынаға ие символ болып табылған, алманың суреті ешбір жерде бейнеленбеген. Бірақ бүгінгі күні еуропалық дәстүр алманы жақсылық пен зұлымдықты танытатын ағаштың жемісі деп санайды»* [3, 193-б.].

Түркі халықтарының мәдени мұрасы мен әдеби дәстүрлерінде символдар маңызды рөл атқарады, олардың ішінде «Қызыл алма» ерекше орын алады. Бұл символ ежелгі мифологиядан бастау алып, түркі әлемінің рухани және саяси ұмтылыстарын бейнелейтін әмбебап бейне ретінде қалыптасқан. «Қызыл алма» әдеби контексте тек эстетикалық элемент ретінде ғана емес, сонымен қатар түркі мемлекеттерінің идеологиялық бірлігін білдіретін Тұран феноменінің негізгі белгісі ретінде де көрініс табады. Тұран идеясы – түркі халықтарының тарихи, мәдени және саяси бірлігін қалыптастыруға бағытталған ұмтылыс. Ол XX ғасырдағы Зия Гёкальп сияқты ойшылдардың

шығармаларында кеңінен дамыды. Осы тұрғыда «Қызыл алма» ортақ мақсат, билік және мәңгілік ізденіс символы ретінде түсіндіріледі.

«Қызыл алма» түркі мифологиясында көшпелі өмір салтының құндылықтарымен тығыз байланысты, онда ол тек материалдық объект емес, рухани мағынаға ие идеал ретінде қарастырылады. Мысалы, ежелгі аңыздарда алма көбінесе қол жетпес арман немесе жеңістің белгісі ретінде бейнеленген.

«Алма» халық ертегісінде қол жетпес арман сипатында беріледі:

«Қоңыр күз мезгілі еді. Ағаштың жапырақтары түсіп, тек жабайы алма ағашының басында жалғыз алма қалыпты. Осы кезде орман аралап жүрген Қоян алманы байқап қалады. Оны қалай алуға болады? Алма өте биікте, секіріп жете алмайсың!» [4, 23-б.].

Ертегідегі қоян үшін алма қолы жетпес жеміс, сондықтан қарғаның көмегімен жерге түскен алма кірпі екеуінің дауына ұласады. Алма – сакралды символ. Оның жерге үзіліп түсуі кірпі үшін ғажайып құбылыс.

Сонымен қатар әдебиетте бұл символ махаббат, күш және қоғамдық бірлік тақырыптарымен өріледі, осылайша оның әмбебаптығы мен тереңдігі айқындалады.

Қазақтың дарынды жазушысы Әбіш Кекілбайұлының «Аңыздың ақыры» атты романында қызыл алма символы Өмір Темірдің жаңа жорық жайлы ойларынан хабар береді: *«Міне, бүгін де ол көп ұзамай тағы да атқа қонатын келесі жорығы туралы ойланғалы келіп еді, есіне қайдағы бір алма сап ете қалды. Сол бір білінер-білінбес жіп-жіңішке пышақ дағы түскен нарт қызыл алма кеше бұның алдынан қайтқанды, жаңа тамақ үстінде қызметші әйел алтын табаққа салып тағы әкелінті»* [5, 9-б.].

Түркі әдебиетінде махаббат пен романтиканы зерттеу жиі қызыл алманы терең сүйіспеншілік пен эмоционалдық байланыстың айқын символы ретінде көрсетеді. Көптеген романтикалық әңгімелерде қызыл алма махаббаттың белгісі ретінде бейнеленеді, ол кейіпкерлер арасындағы терең байланыстар мен олардың қарым-қатынастарының күрделілігін білдіреді. Мысалы, ғашықтар өздерінің адалдығы мен құштарлығының символы ретінде қызыл алмамен алмасуы мүмкін. Алайда бұл әңгімелер махаббаттың әлсіздігін де зерттейді, өйткені түсінбеушілік пен немқұрайлылық жүректің жаралануына әкелуі мүмкін, бұл қызыл алманың қабылданбауы немесе жоғалуы арқылы бейнеленеді. Романтикалық тақырыптарға қызыл алманы қосу арқылы бұл әңгімелер махаббатқа байланысты нәзік сезімдерді жеткізеді, оның әсемдігі мен қиындықтарын бірдей көрсетеді. Қызыл алма мен махаббатты түсіндіруде Ш.Айтматов басты кейіпкер Исабековті оның бейтаныс, бірақ жауапсыз ғашық болған қызбен диалогі арқылы тамаша сипаттайды:

« – Қарындас! – деді Исабеков абдырап.

– Әу, – деп қыз бұған мойнын бұрды, – не айтпақ едіңіз? Бұл маңды бір сәт төбеге ұрғандай тыныштық басты.

– Мен сізге... алма әкеліп едім... – деді Исабеков зорға тіл қатып.

– Алма? Немене, мен алма көрмеген адам деп не едіңіз?

– Жоқ, тоқтай тұрыңызшы, мен мұны тауып алғам...

– Тауып алғам? Түсінсем бұйырмасын! Менде неңіз бар осы!.. – деп, қыз ашуға булығы жалт бұрылып, жөніне кетті» [6, 46-б.].

Осылайша, қызыл алма түркі әдебиетінде махаббат, құмарлық және эмоционалдық өсу, жаңа жерлерді бағындыру тақырыптарын біріктіретін әмбебап символ ретінде қызмет етеді. Тұран идеясының дамуымен «Қызыл алма» саяси дискурста да маңызды орын ала бастады. Ол түркі халықтарының біртұтас мемлекет немесе мәдени кеңістік құруға деген ұмтылысын білдірді.

Материалдар мен әдістері

«Қызыл алма» символының әдеби контекстегі мәнін және оның Тұран феноменімен байланысын зерттеу үшін мақалада бірқатар материалдар мен әдістер қолданылды. Зерттеудің негізгі материалдары ретінде түркі халықтарының мифологиялық және әдеби шығармалары, сонымен қатар XX ғасырдағы түркі идеологтерінің теориялық еңбектері алынды. Атап айтқанда, түркі дүниесіне ортақ фольклорлық шығармалардағы символдық элементтер, романдардағы және хикаялардағы символдың көрінісі талданды. Кейбір шығармаларда «Қызыл алма» тікелей аталмаса да, оған ұқсас идеалдар мен ұмтылыс бейнелерінің көрінісі зерттеуге негіз болды. «Қызыл алма» саяси және мәдени бірліктің символы ретінде интерпретацияланады.

Зерттеуде қолданылған әдістердің арасында мифологиялық талдау басты орын алады. Бұл әдіс арқылы «Қызыл алманың» түркі мифологиясындағы түпкі мағынасы мен оның эволюциясы анықталды. Мифологиялық контекстен әдеби контекске ауысу процесі де осы әдіс негізінде зерттелді. Сонымен қатар әдеби шығармалардағы символдың контекстік қолданысы мен оның семантикалық жүктемесі талданды. Мысалы, алма мотивінің махаббат, күш немесе билікпен байланысы әр шығармада қалай өзгеретіні салыстырмалы түрде қарастырылды.

Тарихи-салыстырмалы әдіс «Қызыл алманың» түркі халықтарының әртүрлі аймақтарындағы интерпретацияларын салыстыруға мүмкіндік берді. Бұл әдіс символдың әмбебаптығы мен аймақтық ерекшеліктерін ашуда маңызды рөл атқарды. Зерттеу барысында деректерді жинау үшін материалдар, соның ішінде түркі фольклорының жазба нұсқалары мен ғалымдардың түсіндірмелері де қолданылды. Осы әдістердің жиынтығы «Қызыл алманың» әдеби және идеологиялық рөлін жан-жақты зерттеуге мүмкіндік берді, оның Тұран феномені аясындағы маңызын ашты.

Нәтижелер және талқылау

Зерттеу нәтижелері «Қызыл алма» символының түркі халықтарының әдеби және мифологиялық дәстүрлеріндегі күрделі әрі көп қырлы рөлін айқын көрсетті. Біріншіден, «Қызыл алма» ежелгі түркі мифологиясында қол жетпес идеал, билік және рухани ұмтылыс символы ретінде пайда болады. Мысалы, көшпелі түркілердің аңыздарында алма жиі жеңістің немесе мәңгілік өмірдің белгісі ретінде бейнеленген, бұл оның материалдықтан гөрі рухани мағынаға ие екенін көрсетеді. *«Карл Юнгтің теориясына сәйкес, адам жанының бейсаналық деңгейінде ең алдымен символдар болады»* [7, 159-б.]. Бұл тұжырым Карл Юнгтің архетиптер теориясымен де сәйкес келеді, онда «алма» әмбебап символ ретінде адам санасындағы терең ізденістерді бейнелейді. Түркі контекстінде бұл ізденіс Тұран идеясымен, яғни түркі халықтарының бірлігі мен ортақ мақсатымен тығыз байланысты.

Алайда «Қызыл алма» символының интерпретациясы түркі тектес мемлекеттердің әрқайсында айтарлықтай ерекшеленеді, бұл осы қоғамдардың әртүрлі мәдени ерекшелігімен түсіндіріледі. Бұл тұрғыда *«Орхан Шаук Гөкяй мен Неджати Гүлтепе қызыл алманың мәнін ашып, оны өткен және қазіргі заманның әртүрлі өркениеттері мен қоғамдарымен салыстыруға тырысты. Зия Гёкальп пен Нихал Атсыз, қызыл алманы түркі елдерінің саяси идеясы ретінде білдірді»* [8, 132-б.]. Кейбір аймақтарда ол билік пен үстемдік символы ретінде қарастырылады, мұнда Қызыл алма басқа халықтар мен мемлекеттерді бағындыру идеясын білдіреді. Кейде қызыл алма бақыт, махаббат және жарқын болашаққа ұмтылуды білдіреді, мұнда Қызыл алма жеке және ұжымдық арман метафорасына айналады.

Батыстың ғалымдары *«Онда Батыстың тамаша принциптерінің бірі туралы арманды немесе маңызды тарихи мәселені шешудегі жетіспейтін буынды көрді. Ұлы неміс ойшылы Август Фишер Қызыл алманы абсолютті әлемдік үстемдік символы ретінде таниды»* [9, 15-б.]. Бұл әртүрліліктер Қызыл алманың символ ретіндегі бейімдігін көрсетеді, ол түркі әлемінде өз негізгі мағынасын сақтай отырып, әртүрлі мәдени әңгімелермен үндесе алады.

Екіншіден, әдеби шығармалардағы «Қызыл алманың» қолданысы оның семантикалық ауқымының кеңдігін дәлелдеді.

Қазіргі Тұран идеологиясының негізін қалаушы ақын Зия Гёкальп «Алакиік» атты өлеңінде алманы түркі дүниесінің бірігу символы ретінде қабылдап, алманы киелі болып табылатын киік берген кие деп түсіндіреді:

«Киік мені көрген соң,

Қуанышқа бөленді.

Бір алманы берген соң,

Жүгір деді, демалма...» [10, 11-б.].

3. Гёкальптың бұл өлеңі (аударма) киелі киіктің балаға алма ұсынуынан басталып, сол баланың түрлі сынақтардан өтіп, түрік еліне жетіп, темір қақпаны ашып, жеңіске жетуімен аяқталады. Кейіпкердің және оқиға мекенінің трансформациясы әдебиет пен идеология арасындағы байланыс символы болған қызыл алманың трансформациясын айқындайды.

Үшіншіден, «Қызыл алманың» Тұран феноменімен байланысы оның түркі мемлекеттерінің идеологиялық бірлігін қалыптастырудағы рөлін ашады. Тарихи-салыстырмалы талдау нәтижесінде символдың әртүрлі түркі аймақтарындағы интерпретациялары анықталды: кейбір аймақтарда ол билік пен үстемдікті білдірсе, басқаларында бақыт пен болашаққа деген үмітті бейнелейді. Мысалы, Орта Азиядағы түркілер арасында алма көбінесе отбасылық береке мен махаббаттың символы ретінде қолданылса, түрік ұлтшылдығы дискурсында ол саяси экспансия мен біртұтас Тұран мемлекетін құру идеясымен байланысты. Бұл екіұштылық символдың әмбебаптығы мен бейімделгіштігін көрсетеді, ол әртүрлі мәдени және саяси контекстерде өз мағынасын сақтай отырып, өзгеріске ұшырайды.

Түркі ертегілері мен мифологиясында қызыл алма жиі өркендеу мен молшылықтың символы ретінде кездеседі. Бұл әңгімелерде қызыл алма көбінесе сиқырлы жеміс ретінде бейнеленеді, ол оған ие болғандарға байлық, денсаулық немесе даналық сыйлайды. Қызыл алманың сиқырлы қасиеттері кейіпкерлердің өмірін өзгерте алады, оларға өз жағдайларын жақсартуға немесе армандарына жетуге мүмкіндік береді. Бұл ретте қызыл алма үміт пен оң өзгерістердің әлеуетінің күшті символына айналады. Мұндай тақырыптар фольклорда терең тамыр жайған.

Жазушы С. Мұратбеков өзінің «Жабайы алма» повесінде жеміс ағашын адамдардың тағдырымен шебер байланыстырады:

«Тау бөктері тұтасқан жабайы алма болатын. Соғыс жылдары біз, жас балалар, қалың бөргезге қол-аяғымызды қызыл ала жоса гып жырғызып, ұзақты күнге алмадан алма таңдап, сол бөктерде тентіреп жүруші едік. Қышқылтым ақ алма тістегеніңде мұз шайнағандай қаршылдайтын. Сәлден кейін тісті қамап қалатын да зар қақтырып бастырмай тастайтын. Сонда да жейтінбіз Тапшылықта қабысқан қарынды алмамен болса да істелеп жұбату керек» [11, 4-6].

Әдеби контексте Тұран идеясы «Қызыл алма» символымен тікелей байланысты. Бастапқыда «Қызыл алма» ұғымы Томсонның мотивтер каталогіне сәйкес мынадай мотивтерді қамтыды: «Алмадан алғашқы адамның дүниеге келуі (A1253.1), алманы жеу арқылы бала көтеру (T511.1), адамның алма ағашына оралуы (D215), құнарлылықты тудыратын сиқырлы алма (I347.1), махаббатты туындататын алма (I355.7) және осыған ұқсас

мотивтер фольклорлық үлгілерде өте кең таралған» [12, 2-б.]. Алайда, түркі халықтарында бұл символдың идеологиялық сипаты басым түсті.

XX ғасырдың басында бұл символ билік және әділдік идеясына айналып, түркі елдерінің әдеби шығармаларында өз көрінісін тапты.

Түркі мемлекеттерінің қазіргі саяси және мәдени интеграциясында бұл символ бірлік пен ынтымақтастықтың рухани негізі ретінде қайта жаңғыруда. Мысалы, Түркі кеңесі сияқты ұйымдардың қызметінде ортақ мұра мен мақсатқа ұмтылыс баса айтылады, бұл «Қызыл алманың» тарихи мағынасымен үндеседі. «Әдеби психология, жазбаша немесе ауызша болсын, жазушының идеяларына, ойларына және өмірлік тәжірибесіне негізделген. Тұран концепциясы түркі халықтарының тарихи, мәдени және саяси бірлігін нығайтуға бағытталған идея ретінде қалыптасты» [13, 91-6]. Дегенмен символдың саяси идеологиямен шамадан тыс байланысы оның әдеби және рухани мәнін жоғалту қаупін тудыруы мүмкін деген пікір де бар. Себебі «Символизм модернистік әдебиеттің қалыптасуында маңызды рөл атқарды, жазушыларға күрделі идеялар мен эмоцияларды жеткізудің қуатты құралын ұсынды» [14, 138-6]. Бұл тұрғыда «Қызыл алма» тек өткенді бейнелейтін ностальгиялық элемент емес, болашаққа бағытталған динамикалық символ ретінде қарастырылуы тиіс.

Бүгінгі күні «Қызыл алма» әдеби контексте Тұран феноменінің рухани және идеологиялық негізін құрайды. Ол түркі халықтарының ұжымдық санасында терең тамыр жайған бейне ретінде мифологиялық мұра мен қазіргі әдебиетті байланыстырады. Символдың тек әдеби құрал ғана емес, бірлікке деген ұмтылыстың құралы екенін растайды.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырған «Заманауи EdTech технологиясын қолдану арқылы Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығында оқитын студенттердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру» (AP27511743) жобасы аясында жарияланды.

Қорытынды

Әдеби контексте «Қызыл алма» түркі халықтарының мәдениеті мен идеологиясында терең мағынаға ие символ ретінде қарастырылады. Бұл образ әдебиетте, фольклорда және мифологияда жиі кездеседі. Қазақ ертегілеріндегі «Қызыл алма» мақсат немесе кейіпкер арманының көрінісі ретінде бейнеленсе, Әбіш Кекілбайұлының «Аңыздың ақыры» атты романында ол жорыққа шығу, жаңа мүмкіндікке қол жеткізу, күшпен жаулау символы ретінде көрініс табады. «Қызыл алма» дәстүрлі түсінікте өмір, күш және арман символы ретінде қолданылғанымен, Тұран идеясы аясында ол түркі әлемінің бірігуі мен ортақ мақсатқа ұмтылысын білдіреді.

«Қызыл алма» осы контексте рухани сана мен ұжымдық жадтың бір бөлшегі ретінде қызмет етеді. Қазақ фольклорлық шығармаларының баға жетпес мұрасы болып табылатын дастан, хикая, ертегі мен аңыздарында бұл символ жиі қолданылып, халықтың ортақ құндылықтарын бейнелейді. Сонымен қатар әдебиеттегі «Қызыл алма» образы заманауи түркі мемлекеттерінің интеграциялық үдерістерін түсінуге мүмкіндік береді. Ол тек әдеби метафора ғана емес, саяси және мәдени дискурстағы маңызды белгі болып табылады.

Бұл ретте «Қызыл алма» символы түркі әлемінің идеологиялық бірігуінде маңызды рөл атқарады. Ол әдебиет арқылы халықтардың рухани байланысын нығайтып, Тұран идеясын қолдаудың символдық құралына айналады. Бұл феномен түркі мемлекеттерінің тарихи тәжірибесі мен қазіргі заманғы ұмтылысын байланыстыратын көпір ретінде қарастырылады. Осылайша, «Қызыл алма» тек әдеби образ емес, түркі халықтарының бірлігі мен болашаққа деген ортақ көзқарасының көрінісі болып табылады. Бұл символдың әдебиеттегі және идеологиядағы орны оның мәңгілік құндылығын және түркі дүниесінің бірегейлігін айғақтап, қазақ әдебиетінің мәдениаралық сипатта зерттелуіне жаңа жол ашады.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Қасқабасов, С.** Жаназық. Әр жылғы зерттеулер [Мәтін]. – Астана : Аударма, 2002. – 584-б.

2 **Фромм, Э.** Түс. Ертегі. Мифтер [Мәтін]. Аударған А. Октен. – Ыстамбұл : Сай, 2015. – 194-б.

3 **Горева, С.** Символ яблока в культуре и искусстве через религиозную мифологию [Текст]. История религии в Украине : актуальные вопросы. – 2021. – Вып. № 3. – 189–195 с.

4 Қазақ ертегілері [Мәтін]. – Алматы : Алматыкітап, 2017. – 264 б.

5 **Кекілбаев, Ә.** Дала балладалары [Мәтін]. – Алматы : Жазушы, 2002. – 249-б.

6 **Айтматов, Ш.** Қызыл алма : повестер, аударма [Мәтін]. – Алматы : Атамұра, 2005. – 288-б.

7 **Нургазиев, Т.** Қазақ әдебиетіндегі архетип және символ : психоаналитикалық талдау жасаудың кейбір мәселелері (халық хикаялары мысалында) [Мәтін]. // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. – № 192 (4). – 156–165-б.

8 **Шентүрк, О.** Хакімдіктің символы : Қызылалма [Мәтін]. // Түрік дүниесі зерттеулері. – 2019. – № 242. – 131–140-б.

9 **Гүлтепе, Н.** Қызыл алманың ізінде [Мәтін]. – Ыстамбұл : Өтүкен Нешрият, 2016. – 248 б.

10 **Гёкальп, З.** Қызыл алма : өлеңдер [Мәтін]. – Ыстамбұл : Өтүкен Нешрият, 2018. – 114 б.

11 **Мұратбеков, С.** Жабайы Алма [Мәтін]. – Алматы : Атамұра, 2002. – 318 б.

12 **Сафарова, А.** Мемлекеттілік кезең өлеңдеріндегі «Қызыл алма» [Мәтін]. – Баку : АМЕА Фольклор институты, 2023. – 4–21 б.

13 **Rakhmatulloyevna, K. R., Uktamovna, U. M.** Exploring the Interplay of Literature and Psychology : A Historical and Theoretical Perspective [Text] // International Journal of Language Learning and Applied Linguistics. – 2024. – Vol. № 3(4). – 91–94 p.

14 **Abbar, E. M.** A Critical Analysis of Symbolism in Modernist Literature with Reference to T.S. Eliot and Roland Barthes [Text] // South Asian Research Journal of Art, Language and Literature. – 2023. – Vol. № 5 (4). – 138–142 p.

References

1 **Qasqabasov, S.** Zhanazyq. Ar zhylygy zertteuler [Food for the soul. Research of different years] [Text]. – Astana : Audarma, 2002. – 584 p. (in Kazakh).

2 **From, E.** Rüyalalar. Masallar. Mitler [Dreams. Fairy tales. Myths] [Text]. Translated by A. Okten. – Istanbul : Say, 2015. – 194 p. (in Turkish).

3 **Goreva, S.** Simvol yabloka v kulture i iskusstve cherez religioznuyu mifologiyu [The symbol of the apple in culture and art through religious mythology] [Text] // The history of religion in Ukraine : current issues. – 2021. – Vol. № 3. – 189–195 p. (in Russian).

4 **Kazak ertegileri** [Kazakh fairy tales] [Text]. – Almaty : Almatykitap, 2017. – 264 p. (in Kazakh).

5 **Kekilbaev, A.** Dala balladalary [Ballads of the steppes] [Text]. – Almaty : Zhazushy, 2002. – 249 p. (in Kazakh).

6 **Aytmatov, Sh.** Kyzyl alma : povester, audarma [Red Apple : stories, translation] [Text]. – Almaty : Atamura, 2005. – 288 p. (in Kazakh).

7 **Nurgaziev, T.** Kazak adebietindegi arhetip zhane simvol : psikhoanalitikalyk taldaу zhasaudyn keibir maseleleri (halyk hikayalari mysalynda) [Archetype and symbol in kazakh literature : problems of psychoanalytical analysis (based on the example of folk stories)] [Text] // Eurasian Journal of Philology : Science and Education. 192 (4) – 156–165 p. (in Kazakh).

8 **Şentürk, O.** Hâkimiyetin Sembolü : Kizilelma [Symbol of Dominance : Red apple] [Text] // Türk Dünyası Araştırmaları. – 2019. – № 242. – 131–140 p. (in Turkish).

- 9 **Gültepe, N.** Kizilelma'nin IZinde [In the Footsteps of Red Apple] [Text]. – Istanbul : Ötüken Neşriyat, 2016. – 248 p. (in Turkish).
- 10 **Gökalp, Z.** Kizil Elma Şiirler [Red Apple Poems] [Text]. – Istanbul : Ötüken Neşriyat, 2018. – 114 p. (in Turkish).
- 11 **Muratbekov, S.** Zhabayi Alma [Wild apples] [Text]. – Almaty : Atamura, 2002. – 318 p. (in Kazakh).
- 12 **Safarova, A.** Cümhuriyyət dönəmi şəirində «Qizil alma» [The Golden Apple in the poem of the Republican period] [Text]. – Baku : AMEA Folklor Institutu, 2023. – 4–21 p. (in Azerbaijanian).
- 13 **Rakhmatulloyevna, K., Uktamovna, U.** Exploring the Interplay of Literature and Psychology : A Historical and Theoretical Perspective [Text]. // International Journal of Language Learning and Applied Linguistics. – 2024. – Vol. 3, № 4. – 91–94 p. (in English).
- 14 **Abbar, E.** A Critical Analysis of Symbolism in Modernist Literature with Reference to T. S. Eliot and Roland Barthes [Text] // South Asian Research Journal of Art, Language and Literature. – 2023. – Vol. № 5(4). – 138–142 p. (in English).

07.03.25 ж. баспаға түсті.

08.07.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

**Т. Нургазиев*

Казахский национальный
педагогический университет имени Абая,
Республика Казахстан, г. Алматы.
Поступило в редакцию 07.03.25.
Поступило с исправлениями 08.07.25.
Принято в печать 25.11.25.

СИМВОЛ «КРАСНОЕ ЯБЛОКО» В ЛИТЕРАТУРНОМ КОНТЕКСТЕ: ФЕНОМЕН ИДЕОЛОГИЧЕСКОГО ОБЪЕДИНЕНИЯ (ТУРАН) ТЮРКСКИХ ГОСУДАРСТВ

В данной статье исследуется значение символа «Красное яблоко», занимающее особое место в мировоззрении тюркского мира, в контексте преемственности литературы и мифологии. В работе анализируется связь символа с идеей Турана, исторического и культурного единства тюркских государств. «Красное яблоко» в древнетюркской мифологии рассматривается как символ общей цели, власти и вечного стремления, а в литературных произведениях

оно выступает метафорой идеологического объединения. Опираясь на труды таких мыслителей, как Э. Фромм, С. Каскабасов, З. Гёкальп, статья раскрывает политические и культурные аспекты «Красного яблока», подчеркивая его роль в укреплении коллективной идентичности тюркского мира. Кроме того, в литературном контексте рассматривается связь яблока с темами любви, счастья и силы, что свидетельствует о его символической универсальности. В качестве метода исследования используются мифологический анализ и литературная интерпретация, приводятся примеры из литературных произведений. В результате «Красное яблоко» интерпретируется не только как литературный образ, но и как духовная и политическая основа единства тюркских народов и феномена Турана. Статья вносит вклад в литературоведение и культурологию, изучение особенностей литературных связей, а также подчеркивает актуальность изучения данного символа.

Ключевые слова: Туран, литература, красное яблоко, символ, фольклор, мифология.

**T. Nurgaziyev*

Abay Kazakh National

Pedagogical University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 07.03.25.

Received in revised form 08.07.25.

Accepted for publication 25.11.25.

THE SYMBOL «RED APPLE» IN A LITERARY CONTEXT: THE PHENOMENON OF IDEOLOGICAL UNIFICATION (TURAN) OF TURKIC STATES

This article examines the significance of the «Red Apple» symbol, which occupies a special place in the worldview of the Turkic world, within the context of the continuity between literature and mythology. The study analyzes the symbol's connection to the idea of Turan, as well as the historical and cultural unity of Turkic states. In ancient Turkic mythology, the «Red Apple» is viewed as a symbol of a common goal, power, and eternal aspiration, while in literary works it serves as a metaphor for ideological unification. Drawing on the works of thinkers such as E. Fromm, S. Kaskabasov, Z. Gokalp, the article uncovers the political and cultural dimensions of the «Red Apple», emphasizing its role in reinforcing the

collective identity of the Turkic world. Furthermore, in a literary context, the apple's association with themes of love, happiness, and strength is explored, highlighting its symbolic universality. Mythological analysis and literary interpretation are used as research methods, with examples drawn from literary works. Consequently, the «Red Apple» is interpreted not only as a literary image but also as a spiritual and political foundation for the unity of Turkic peoples and the Turan phenomenon. The article contributes to literary studies and cultural studies, the exploration of distinctive literary connections, and underscores the relevance of studying this symbol.

Keywords: Turan, literature, red apple, symbol, folklore, mythology.

Теруге 25.11.2025 ж. жіберілді. Басуға 26.12.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,64 МБ RAM

Шартты баспа табағы 37,98. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4484

Сдано в набор 25.11.2025 г. Подписано в печать 26.12.2025 г.

Электронное издание

5,64 МБ RAM

Усл. печ. л. 37,98. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4484

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz